SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№19 (8997)

СЕНБІ

12 наурыз, 2022 жыл

Ұлттық банк теңге-доллар саудасының регламентін өзгертті

Қазақстан Ұлттық банкі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-мен бірлесіп, 9 наурызда «теңге – АҚШ доллары» валюта жұбы бойынша сауда-саттық регламентін өзгерту туралы шешім қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ұлттық банкке сілтеме жасап.

Оған сәйкес, «теңге–АҚШ доллары» валюта жұбы бойынша сауда-саттық 9 наурыз күні Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-де ашылды және Франкфурт аукционы форматында жүргізілді.

«Бұл шешім жоғары құбылмалылық аясында валюта нарығының тұрақсыздануына және сыртқы факторлар тарапынан қысым жасауға жол бермеу мақсатында қабылданды.

«Теңге – АҚШ доллары» валюта жұбы бойынша сауда-саттықтың бұдан былайғы режимі туралы ақпарат ресми байланыс жасау арналары арқылы уақтылы жеткізілетін болады», делінген ҰБ ақпаратында.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Нашар интернет үшін операторларға айыппұл көбейеді

Мәжіліс депутаттары Қазақстанның әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне байланыс мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Жанна Телпекбаеваның айтуынша, пандемия және халықтың қашықтан жұмыс режиміне көшуі кезеңінде көрсетілетін байланыс қызметтері сапасының маңыздылығы артты. Ол азаматтардан интернет сапасына көбірек шағым түсетінін атап өтті.

Мәселен, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 637-бабы бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін нашар қызмет көрсеткені үшін 100 АЕК, ал бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін 200 АЕК-ті құрайды.

«Бұл ретте ірі кәсіпкерлік субъектісі бұзушылық фактісін таныған кезде 50%, яғни 50 немесе 100 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Көбінесе операторлар қосымша жабдықты орнатудан гөрі айыппұлдың жартысын төлеу ыңғайын табады. Сайып келгенде, байланыстағы барлық қолайсыздықтар оператор алдындағы өз міндеттемелерін тұрақты негізде орындайтын, яғни тарифті толық көлемде төлейтін абоненттерге әсер етеді», деді комитет мүшесі.

Депутат заң жобасы операторлардың техникалық параметрлерге сәйкес келмейтін байланыс қызметтері мен интернетке қолжетімділік үшін жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Көрсетілген құқық бұзушылық үшін әкімшілік айыппұлды 1000 АЕК-ке дейін (3 063 000 теңге) және бір жыл ішінде қайталап жасалған бұзушылық үшін-1500 АЕК-ке дейін (4 594 500 теңге) арттыру азаматтардың сапалы байланыс және интернет қызметтерін алу құқығын қорғауға, операторлар арасында бәсекелестік үшін қосымша жағдайлар жасауға мүмкіндік береді», деп қосты Жанна Телпекбаева.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Президент әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлыққа қол қойды

Мемлекет басшысы әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорданың ресми сайты. Назарларыңызға жарлықтың толық мәтінін ұсынамыз. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17 және 21-баптарына сәйкес және қоғамды одан әрі демократияландыру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын, жауапкершілігін, есептілігін арттыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері:

1) жыл сайын 15 қаңтарға дейін мыналарды: жарты жылда бір рет облыс әкімінің әр ауданда және облыстық маңызы бар әр қалада кемінде бір көшпелі кездесуін; республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қаланың әр ауданында тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін; аудан әкімінің әр ауылда, кентте, ауылдық округте, аудандық маңызы бар қалада тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін; облыстық және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімінің қаланың, ауылдық округтің құрамына кіретін әр ауданда (шағын ауданда), ауылда, кентте тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін; ауыл, кент, қаладағы аудан әкімінің тоқсан сайын кемінде бір кездесуін өткізу көзделген әкімдердің халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін (бұдан әрі – күнтізбе) әзірлеп, оны мәслихатпен келісу бойынша бекітіп отырсын. Қажет болған жағдайда күнтізбені мәслихатпен келісу бойынша түзетуге жол беріледі;

2) жыл сайын 20 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітілген күнтізбені ұсынсын.

3. Барлық деңгейдегі әкімдер:

1) халықтың талап етуі бойынша және қажет болған кезде күнтізбеден тыс халықпен кездесу өткізсін;

2) техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, халықтың әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда міндетті түрде пікір білдіру мүмкіндігімен онлайн-трансляциялар, сондай-ақ қажет болған жағдайда бейне конференц байланыс ұйымдастыру арқылы кездесулер өткізуді қамтамасыз етсін;

3) кездесу үшін жоспарланған уақыттың төрттен бірден аспайтын бөлігін баяндаманы таныстырумен, уақыттың қалған бөлігін «сұрақ-жауап» форматында өткізсін;

4) халықпен кездесулер өткізгенге дейін: проблемалық мәселелердің пулын жасау үшін жергілікті қоғамдастық жиналысы және қоғамдық кеңестер мүшелерінің қатысуымен халықтың сұраулары мен ұсыныстарын жинау жөнінде комиссия құруды; ашық деректердің интернет-порталына және әкімдердің блог-платформасына, сондай-ақ коммуникацияның басқа да нысандарында халықтан келіп түскен сұраулар мен ұсыныстарды жинауды және талдауды; бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өңірлік баспа басылымдарында, радиода, ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында, ашық деректер интернет-порталында, сондай-ақ әкімдіктердің (әкімдер аппараттарының) ресми аккаунттарында, әлеуметтік желілерде және барлығына қол жетімді жерлерде ақпараттық-насихат жұмысын жүргізуді; әкімнің халықпен кездесуін өткізу туралы хабарландыруды: облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, облыстық және аудандық маңызы бар қала әкімі өткізетін кездесу күніне дейін екі апта бұрын; ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан әкімі өткізетін кездесу күніне дейін бір апта бұрын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

5) халықпен кездесулер өткізгеннен кейін: жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура және ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңестер мүшелерімен, жергілікті зиялылар мен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдауды өткізсін; проблемалық мәселелерді қаржыландыру мүмкіндігін мәслихат сессиясында қарай отырып, жүйеге келтірсін; кездесулер мен азаматтарды қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, өткізілген кездесулердің қорытындылары туралы ақпаратты, проблемалық мәселелердің тізбесін, проблемалық мәселелерді шешудің нақты мерзімдерін, жауапты орындаушыларды көрсете отырып, оларды шешу жөніндегі іс-қимыл жоспарын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін; тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне қарай кездесулерде халық көтерген проблемалық мәселелерді шешу барысы туралы ақпаратты ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырсын.

4. Әкімдіктер мен әкімдер аппараттары кездесулерге мүдделі тұлғалардың ауқымды аудиториясын, оның ішінде мәслихат депутаттарын, партиялар, қоғамдық ұйымдар мен оппозиция өкілдерін тартсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жыл сайын есепті жылдан кейінгі 1 ақпанға дейін өңірлердің бекітілген күнтізбелерін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсынуды;

2) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына және 15 тамызына дейін орталық атқарушы органдар, ұлттық холдингтер мен компаниялар деңгейінде шешуді талап ететін проблемалық мәселелердің тізбесін және оларды шешу жөніндегі ұсыныстарды жинауды;

3) әкімдердің халықпен көшпелі кездесулерінің қорытындысы бойынша халық көтерген мәселелерді шешу жолдары мен олардың орындалу барысын көрсете отырып, олардың ішінен құзыретіне кіретін проблемалық мәселелердің тізбесін орталық атқарушы органдардың, ұлттық холдингтердің, компаниялардың ресми интернет-ресурстарында орналастыруды және тоқсан сайын жаңартуды қамтамасыз етсін.

6.Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

7.Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

8. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев.
Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 наурыз.

«ПАРАСАТ» ПІКІРТАЛАС КЛУБЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Шолаққорған ауылының Мәдениет үйінде «AMANAT» партиясының аудандық филиалы жанынан құрылған «Парасат» пікірталас клубының алғашқы жиыны өтті. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің қатысуымен өткен шараға аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, ауыл мен округ әкімдері, клуб мүшелері, белсенді азаматтар мен жастар, БАҚ өкілдері қатысты.

Басқосу барысында өңір басшысы Мұхит Тұрысбеков көктемгі дала жұмыстары және көгалдандыру, ауыз су, табиғи газ, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерді клуб мүшелерімен талқыға салды. Сонымен қатар жиында қоғам белсенділері жергілікті бюджет, жол, өндіріс орындарындағы мәселелер, жұмыссыздықпен күрес мәселелерін көтерді. Белсенділердің ұсыныстарын тыңдаған аудан басшысы мәселелердің шешілуі жолында тізе қосып еңбек етуге шақырды.

«Парасат» пікірталас клубының келесі отырысы көктемгі дала жұмыстары мен елді мекендерді көгалдандыруға арналып, Шолаққорған ауылында өтетін болып белгіленді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мерекелік гүл шоқтарын ұсынды

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 100 жастан асқан ел аналарын арнайы барып құттықтады. Қарақұр ауылында тұратын 102 жастағы Сырғақүл Керімбекова мен Сызған ауылында тұратын 103 жасқа толған Дүйшет Қалаубаеваларды мерейлі мерекемен құттықтап, иықтарына орамал жауып, сый-сияпат жасады. Мерекелік гүл шоқтарын ұсынды.

«Ғасыр жасап, өмірдің ащы-тұщысын көрген әжелеріміздің өмірі баршамызға үлгі. Бұл кісілер елдің анасы. Сіздердей аналардың бата тілегі ұрпаққа күш-қуат береді. Елдің амандығын жұрттың тыныштығын тілеп, аман жүріңіздер!»,-деп құттықтады аудан басшысы.

Айта кетерлігі, 1920 жылы Созақ ауылында дүниеге келген Сырғақүл Керімбекова әженің кіндігінен 4 ұл, 1 қыз тарап, бүгінде 15 немере 25 шөбере, 7 шөпшек көріп отыр. Колхозда жұмысшы, сақпаншы болып ауыр жұмыс істеген. Созақ, Қаратау совхозында есепші болған. Саналы ғұмырын еңбек жолына арнаған аяулы жан. Ал сызғандық Дүйшет Қалаубаева әжеміз биыл 103 жасқа толды. Тыл және еңбек ардагері. «Асыл әже» медалін кеудесіне таққан. Ел анасы 3 қыз 2 ұлдың анасы. Бүгінде немере, шөбере, шөпшек көріп отыр.

«Созақ үні»-ақпарат.

Іскер әйелдерге лайықты құрмет

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында, ауданның дамуына үлес қосып, түрлі салада қызмет етіп жүрген іскер әйелдер қауымын қабылдады.

-Осында отырған бәріңіз түрлі салаларда қажырлы еңбек ете жүріп, «Бақ-Нұр» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі аясында бірігіп, игі істердің ұйытқысы болып келесіздер. Мемлекетіміздің, ауданымыздың дамуына зор үлес қосып, қоғамның ісіне бей-жай қарамайсыздар, - деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жүрекжарды тілегін білдірді. Сондай-ақ іскер әйелдерге аудан әкімінің алғыс хатын тапсырып, мерекелік сый-сияпат жасады.

Қабылдауда аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов қатысып, мерекелік жылы лебізін білдірді. Түркістан облысы іскер әйелдер Ассоциация төрайымы Инара Намазбаева ыстық тілегін жеткізіп, аудан көлемінде игі істің ұйытқысы болып жүрген, кәсіпкер Бибімәриам Тұрмахановаға Іскер әйелдер қауымдастығының «Еңбегі жанған арулар» медалін табыс етті.

Аудандық «Бақ-Нұр» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова, алда атқарар жоба жоспарларымен бөлісті. «Демеу» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бақыт Смахова, еңбек адамы Нұржамал Төлеуова құттықтау сөз сөйледі.

«Созақ үні»-ақпарат.

АНАЛАРҒА АҚ ДАСТАРХАН ЖАЙЫЛДЫ

Аудан әкімдігі 8-Наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, аналарға арнап мерекелік дастархан жайды. Ауыл, кент округтерден қоғамдық жұмыстарда ерекше белсенділік танытып жүрген әйел азаматшалар, батыр аналар, қыз-келіншектер мерекелік дастархан қонағы болды.

- Тәуелсіз еліміздің дамуы жолында аяулы қарындастар мен ардақты аналар еселі еңбек етіп жүр. Қазақ әйелдерінің белсенділігі уақыт өткен сайын артып, экономикада, мәдениет пен саясатта қажырлы істерімен танылып, қоғамның қозғаушы күші болып келеді. Қашанда ер азаматтарға жігер, жасампаздық сыйлап жүрсіздер. Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, бақ-береке тілеймін,-деді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков.

Сондай-ақ, аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, Шолаққорған ауыл округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бүркіт Арынбеков құттықтау сөз сөйледі. Аудандық «Әжелер» алқасының төрайымы, ауданның «Құрметті азаматы» Мәруа Қайыржанова мен Гүлсара Әлімбекова жылы лебіздерін арнады. Мерекелік дастархан басында аналарға ақ орамал жауып, гүл шоқтары мен сый-сияпат табыс етілді.

Қазіргі таңда аудан бойынша 1018 «Алтын алқа», 1140 «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған аналар бар. Жалпы, көп балалы аналар саны 2148-ді құрап отыр. Оларға мерейлі мерекеге орай, құрмет көрсетілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ

Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи өлкетану музейінде аудандық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Аналар өмір шуағы» атты мерекелік шара өтті. Шара аясында республикаға танымал қылқалам шебері, Теріскей өңірінің таланты суретшісі Ақмарал Байғараеваның «Ару. Ана. Әлем» атты көрмесі ұйымдастырылды. Әйел затының өмірінен сыр шертетін көрмеге мазмұны терең туындылар қойылды. Шараға келушілер көрмені жоғары бағалады.

Сондай-ақ, шараға қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтау сөз сөйлеп мерекенің мән-маңызына, әйел азаматтардың қоғамдағы роліне тоқталды. Белсенді қызмет атқарып жүрген әйел азаматтарға, алғыс хат табыс етті. Аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев мерекелік лебізін білдірді. Білім беру ісінің үздігі, ардагер ұстаз Гүлжан Момбекова мен аудандық аурухана дәрігерінің орынбасары Гүлжанат Аққозиева және музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек жүрек жарды тілектерін жеткізді. Мерекелік жиында әсем ән шырқалып, көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйланды.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Еңбегін елге арнаған...

Ол әу бастан құрылыс саласының маманы болуды жүрегімен қалады. Өзі қатарластарымен бірге жүрген кезде де көбінесе түрлі құрылыс нысандарының кескін-келбетін бейнелейтін суреттер салатын. Оны достарына көрсетіп, олардың пікірлерін тыңдап, ұсыныстарын назарға алатын. Сәулет өнерінің қыры мен сырын тереңірек түсінуге ниет ететін. Ата-анасы да ұлдарының бұл талабына қуанып, оның болашағынан мол үміт күтетін.

Қамбаров Шамшиддин 1945 жылы 12 сәуірде Тәжікстан Республикасы, Ленинабад облысы, Матчинский ауданында дүниеге келген. 1957 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауылына көшіп келеді. Ал, 1960 жылы Созақ ауданы, Созақ ауылына қоныс аударады. 1961 жылы Созақ ауылындағы Ленин атындағы орта мектепті бітіреді. Бір жыл шаруашылықта еңбек етіп, келесі жылы Шымкент қаласындағы қазақ-химия технология институтының азаматтық-өнеркәсіптік құрылыс факультетіне оқуға түседі. Бала күнгі арманы құрылыс маманы болу еді. Аталған оқу орнына түскеніне қатты қуанады. Студенттік қызықты күндер зымырап өтіп жатты. Бойына теориялық білім негізін терең сіңірген ол 1967 жылы институттың толық курсын «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Алғашқы құрылыс саласындағы еңбек жолын 1967-68 жылдары «КазСтальКонструкция» Жаңатас бөлімінің шебері болып бастайды. Жоғары оқу орнын жаңадан бітіріп келген жас маман 1968-69 жылдары қатты қыста еңбек адамдарымен бірге болып, қыстың қытымыр аязында қиындықты бірге жеңуге өзінің барлық жастық күш-жігерін салады. Ол кезде Созақ өңірінің әлеуметтік—экономикалық жағдайы қыруар күш-қайрат, терең білім мен асқан табандылықты қажет ететін. Мал шаруашылығымен айналысатын аудан еңбеккерлеріне қыстың қатал сынына қарсы тұру оңайға соққан жоқ. Қыстауларда отырған малшыларға азық-түлік, жемшөп жеткізіп беру үшін мамандар барын салып еңбек етті. Жем-шөп қорының аздығы, жылы қоралардың болмауы малды аман алып қалуға қолбайлау болды. Ол кезде қазіргідей жылы қоралар тым аз еді. Малшылардың қоралары сексеуілден, жүзгеннен өріліп жасалатын. Малдары өріп кетпеуі үшін шопандар қойларын сол қораларға қамап, ашық албарларда ұстайтын. Қолдан келген мүмкіндікті жасап, барлық күш малды аман сақтап қалуға жұмылдырылды. Шопандар өздері киіз үйде қыстайтын. Сол жылғы қатал қыста көптеген малшылар таяғын ұстап қалған жағдайлар кездесті. Міне осындай қиын-қыстау күндері Шамшиддин аға мал қыстатып отырған шопандармен бірге болып, қиындықты жеңуге атсалысқанын қазіргі күндері еске алып отырады. Сол бір қаһарлы қыстың қиын күндері жайлы әңгімесін сабақтаған ол:-Төлді аман алып қалу үшін шұғыл түрде «Заготзернолардағы» брезенттен 200 бас сиятын төлдеген қойларды сақтайтын палатка (шатыр) тіккізіп, 10 совхозға аналық мал басының санынан қарай 10-15 данадан

бөліп бір апта көлемінде орнатуды тапсырады. Сол науқанда қайнаған жұмыстың ортасында болдым.

Содан кейін Қостанай облысынан жол талғамайтын (Вездеход ГАЗ-66) көліктерін алып, азын-аулақ шөп қорларын отар отарларға жеткізіп беруге кірістік. Ол шөпті оңайлықпен жеткізгеніміз жоқ. Жолда талай қиындықтарға кездестік. Үріп тастаған омбы қардан зорға деп өттік. Десе де жанқиярлықпен тапсырманы орындадық.

Қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да малшылар қауымына қолдан келген көмектер жасалынды. Теріскейліктердің табанды тірлігінің арқасында талай мал қыстан аман алып қалынды.

Содан кейінгі жылдары облыс аумағындағы құрылыс мекемелеріне шефтік көмекпен мал қоралар салу жұмысы қызу басталып кетті. Ауарайының қолайсыздығына, суығына қарамастан шалғайда жатқан Созақ ауданына темір-бетон құрылыс материалдарынан 800 мал басына арналған құрылыс бой көтере бастады. Дәл осы кезеңде ауданда 2-3 құрылыс мекемелері ашылып, өз қызметін ауыл индустриясын көтеруге атсалысты.

Туған өлкем Созақ ауданы аумағында 1968-1991 жылдар аралығында өзім қатысқан құрылыс нысандарын тізбелеп айтар болсам: темір-бетоннан 800 бас малға арналған типтік қоралар, 10 совхозға 5-10 данадан; Созақ селосында 35 орындық аурухана қазандығымен; 1968-1969 жылдары электр станциялары құрылысы, Шу өзенінің бойында орналасқан Шу, Тасты, Жуантөбе елді мекендерін электрлендіру бойынша жоғары кернеулі желі келгенінше 10-15 жыл көлемінде осы электр станциялары ауыл тұрғындарына қызмет етті; 1970 жылы Түркістан-Дегерес-Шолаққорған радио-желі құрылысы тұрғындарға телеарна тарату үшін тұрғызылды,-деді.

Сондай-ақ, Шамшиддин ағамыз электросеть құрылысына, 3 қабатты байланыс торабына, Созақ аудандық әкімшілік ғимараты, ауыл әкімшілігі, аудандық су жүйесі 18,5 шақырым, су мұнары су қоймасымен, газ тарату мекемесі ғимараты, Созақ аудандық оқу бөлімі ғимараты, Созақ аудандық архиві (бұрынғы «Балбөбек» балабақшасы), 2 пәтерлік 40 тұрғын үйлер құрылысы, мал союды тоңазыту комбинатының құрылысында өз қолтаңбасын қалдырған азамат.

Сонымен қатар, ауданымыздағы әлеуметтік нысандар ғимараттары:

Созақ селосындағы 1496 орындық мектеп қазандығымен, Құмкент селосындағы 964 орындық мектеп қазандығымен, Сызған ауылындағы 90 орындық балабақша ғимараты, Сызған ауылындағы 964 орындық мектеп қазандығымен, Жуантөбе, тасты, Шу ауылдарында орталықтандырылған қазандықтар, Созақ аудандық әскери комиссариат (Бұрынғы ПМК-1807) ғимараты, Созақ ауылындағы балабақша ғимараты қазандығымен, Шолаққорған ауылындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайы, аудандық Саз мектебі құрылысын салуға атсалысқан.

Ш.Қамбаров сонымен бірге Арыс қаласы аумағында тұрғызылған құрылыс объектілері: Арыс қалалық аурухана ғимараты, Арыс қалалық жетім балалар үшін 60-90 орындық жатақханасының 3 қабатты ғимараты, 32 пәтерлік көпқабатты тұрғын үй, 13 шақырым су құбыры қоймасы құрылысы және тағы басқа да құрылыс нысандарының бой көтеруіне үлес қосқан.

Тындырымды тірлігі, біліктілігімен Шамшиддин Қамбаров «ҚазСтальКонструкция» Жаңатас бөлімінің шебері, ЮКСС трест ПМК-1 Созақ бөлімшесінің шебері, Созақ аудандық ПМК-1807 прорабы, аға прораб, бас инженер, басшы лауазымдарын атқарған. Кейін тәжірибе жинақтай келе Шымкент ет комбинаты Шолаққорған мал сою-тоңазыту пункті құрылысының техн адзоры, директоры қызметіне өскен. Содан соң ПМК-5 Созақ бөлімшесі басшысы, «Шаңырақ» ЖШС-гі басшысы, «Қазтрансойл» Ұлттық компаниясы Шолаққорған ГНПС /МАС жүк тиегіш машинисі болған. Қай қызметте болмасын ол өзінің білімділігін, азаматтық күш-жігерін аянбай жұмсаған. Нәтижесінде оның басшылығымен облыстың, ауданымыздың құрылыс нысандары тұрғызылып, инфраструктураның дамуына мол үлес қосылған.

Ауданымыздың көркейіп, көріктенуіне аянбай тер төгіп, еңбегін сіңірген Ш.Қамбаров 2009 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Қызмет атқарған жылдары елге сіңген еңбегі үшін КОКП мүше болған. Сондай-ақ, КСРО Жоғарғы кеңесі Президумының «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2015 жылы ҚР Энергетика министрлігінің мұнай тасымалдау қызметінің 80 жылдық мерейтойлық медалімен марапатталған. Сонымен қатар, «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерекелік медалін өңіріне қадады.

Сонау бала кезінде армандаған мақсатының үлкен биігіне шыққан Шамшиддин аға отбасында жеті ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, қанаттандырды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Олардан өрбіген немерелері жанұясын шаттыққа бөлеуде. Зейнет жасына шыққаннан кейін үлкен қажылықты, содан кейін Акбар қажылығын атқарып қайтты.

Ш.Қамбаров өзінің өмірлік тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан емес. Көрген білгенін, көңілге түйгенін олардың бойына сіңіріп отырады.

Әрдайым адалдықты, еңбекқорлықты өзіне серік еткен азамат өзінің өнегелі ісімен көпке үлгі болып келеді.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда

Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаев ағымдағы жылдың 11 қаңтарында Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде «Мемлекеттік аппарат реформалардың қозғалтқышы және орындаушысы, азаматтарға маңызды мемлекеттік қызметтер көрсетеді, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететіндігін», мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңаша көзқарас қажет екенін және мемлекеттік қызмет жүйесі іс жүзінде сервистік сипат алып, клиентке бағдарлануы үшін түбегейлі өзгерісті талап ететінін атап өтті.

Өткен 2021 жылдың шілде айынан бастап мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақылары өсті, сондай-ақ, жауапкершіліктеріне де үлкен талап қойылады.

Осыған орай, Республика Президентінің 22 ақпандағы №814 Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;

2) адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас;

3) әділдік–жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;

4) ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету;

5) сыпайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;

6) клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

Расында қоғамда болып жатқан өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін жаңаша ұйымдастыру қажет екендігін көрсетіп отыр. Мемлекеттік басқаруды жаңаша ұйымдастыру-Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты мәселе.

Осыған байланысты қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланысты жақсарту бағытында жұмыстар атқарылуда. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп нормаларын дұрыс қолдануда ерекше маңызға ие.

Жалпы алғанда бұрынғы Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптар мен олардың мінез-құлқының негізгі қағидаттары бірге қаралса, жаңа редакцияда мемлекеттік қызметшіге қойылатын әдеп талаптары мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдебіне қатысы жоқ ережелерден бөлек, өз алдына жеке қарастырылып отыр.

Жаңа Әдеп кодексі ең алдымен қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі болып табылады.

Кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидатқа негізделген.

Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарланушылық.

Айта кету керек, мемлекеттік қызметшілерге мұндай талаптар бұрынғы кодексте де қойылған. Бірақ, Кодекстің жаңа редакциясында ашықтық және клиентке бағдарлану қағидаттарын сақтау талаптарына басымдылық берілген. Соған сәйкес мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің негізгі тұтынушысы саналатын халықтың талабына барынша икемді, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуы және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Сондай-ақ, алдағы уақытта Әдеп жөніндегі уәкілдердің әдеп бұзушылықтарды ескерту және алдын алу бойынша жұмыстары жандандырылатын болады.

Өткен, 2021 жылы мемлекеттік мекемелер бойынша бекітілген стандарттар мен регламенттерге сай жалпы-13 205 мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

Оның ішінде: халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы -1805 қызмет, электронды үкіметтің веб-порталы арқылы -2425 қызмет, электронды түрде ақпараттық жүйелер арқылы -8928 қызмет, тікелей -47 қызмет көрсетілді.

Электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің үлесі 83% құрады.

Атап өтетін мәселе, мемлекеттік қызметтер көрсету барысында қызметшілер тарапынан Әдеп кодексінің талаптарын бұзу фактілері мен қызмет алушы тұлғалар тарапынан қызмет сапасына шағымдар болған жоқ. Бұл-көрсетілетін қызметтер сапасының жақсарып келе жатқандығын көрсететін өте маңызды мәселе!

Осы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына бақылау жұмыстары бойынша жоспардағы 18 нысанның барлығына ішкі бақылау жұмыстары жүргізіліп, тиісті актілер толтырылды. Оның 12-сі ауылдық округтері мен кенттері әкімі аппараты, 6-ы дербес бөлімдер. Нәтижесімен құқық бұзушылық тәуекелдері бар мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар беріліп, тұрақты бақылауға алынды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша 2 қоғамдық бақылау, 2 қоғамдық қабылдау, 4 онлайн жәрмеңке, 8 семинар және 1 дөңгелек үстел өткізілді.

Бүгінде, аудан әкімі аппараты, дербес бөлімдері мен ауылдық округтері мен кенттер әкімі аппаратында және оған бағынысты мемлекеттік мекемелерде “Өзін-өзі қызмет көрсету бұрыштары” ұйымдастырылып келуші азаматтарға электронды қызмет алуға жағдай жасаған. Сонымен қатар, аудан әкімдігінің ғимаратында “Халықтық кеңсе” ашылып, жұмысын жалғастыруда. Онда ауданның барлық мемлекеттік қызмет түрін көрсететін дербес бөлімдері шоғырланған, арнайы мамандар бекітілген. Өтінішпен келген аудан тұрғындарына консультативті-ақпараттық кеңес беру арқылы қызметтер көрсетілуде.

Қ.ОРАЗОВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл.

Соңғы уақыттары «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөзді жиі естіп жүрміз. Халық даналығы немесе бабалар айтқан деуге ауызымыз бармайды. Себебі, беріде пайда болған сөз. Айтайын дегенім, қазақ әйелі әлімсақтан бесік тербетуді армандаса да әлемді тербетуді мақсұт тұтпаған. Өйткені, әлемді тербету біріншіден әлемдердің Иесінің ісі. Екіншіден, егер әлемді тербету пенденің құзіретінде болса, оны міндетті түрде қазақ отбасының иесі тербетер еді. Олай дейтінім, қазақ қашанда қыздарын ана болуға дайындаған. Неге десеңіз, бүгін ұл мен қызға лайықты ана бола алған жан, ертең ұлттың да анасы болады деп үміт еткен. Ал енді, ана болу бақытын сезе алмаған әйел әлемді тербетсе не тербетпесе не?

Иә, сондай, қолымен бесік, ақылымен отбасын тербеткен қазақтың қызы, келіні жайлы болмақ бүгінгі әңгімеміз. Бақытын бала табудан, баптап бағудан және күтіп қағудан тапқан Бекпенбеттің Бақыткүлін келешек ұрпаққа насихаттамақпын. Сонымен, көктемнің алғашқы айы Наурыздың біріне келетін алғыс айту күні Теріскейдің текті келіндерінің жұрнағы, Созақтың сұлу қыздарының сарқытымен болған сұхбатымды назарларыңызға ұсынамын:

Бақытын баладан тапқан Бақыткул

-Бақыткүл қарындасым сені көпбалалы ана, алтын алқаның иегері ретінде танып отырмыз. Ел ішінде: «досыңның кім екенін айт, сенің кім екеніңді айтайын»- деген қанатты сөз бар ғой. Сол айтпақшы «Созақ үні» газетінің оқырмандарына өзің жайлы, шыққан жерің жайлы кеңінен айта отырсаң!

-Мен, Бекпенбетова Бақыткүл Амалбекқызы осы Теріскейдің тумасымын. 1978 жылы сырлы Созақтың шырайлы ордасы Шолаққорған ауылында дүние есігін аштым. Әкем, Бекпенбетұлы Амалбек Теріскей жұртына танымал, үлкен әулеттен шыққан, өрісін кеңейткен, жайдары мінезді жан еді. Ал анам, Есенқабылқызы Сиякүл 14 перзент тапқан алтын құрсақты абзал ана. Әкем ұзақ жылдар бойы «Ауылшаруашылық техникалары (сельхозтехника) мекемесінде жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан шаруа кісі еді. Анам ұзақ жылдар бойыбалаларын бағып- тәрбиелеп, енесі мен ерінің қас- қабағын бағып, қызметінде болған жан. Байқап отырғандарыңыздай біздің Бекпенбетовтер отбасы үлкен әулет. Жасы жүзден асып жығылған әжеміз де көп бала тапқан ана есептеледі. Бәлкім, анам да сол енесінің ізінен жүрсе керек, бізге ұқсап жеті бала тауып қана ардақты ана атанбаған, керісінше, бүгінгі жас аналарды алтын алқаның иегері етіп отырған жеті баланың екі есесін тауып батыр ана атанған жан. Қазіргі таңда, әкем Амалбек пенанам Сиякүлден тараған 14 ұл-қыздың 10 ғана тіріміз. Қалған төрт бауырымыз о дүниелік болды. Аға- әпкелерім мен інім Алтынбек бәрі де аяқтанған, бір- бір отбасының иесі, киесі. Олар да ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, солардан немере сүйіп отырған бақытты жандар. Ата- анамыз біздің бойымызға бала жастан қазақы тәрбиені сіңіріп өсірді. Барлығымыз дерлік оқуда озат, өмірде өнегелі азамат-азаматша боп, өз орынымызды таптық. Өзіме келетін болсам, орта білімді бұрынғы М.И.Калинин (қазіргі А.Сүлейменов) атындағы білім ошағында алдым. Мектептен соң, тігін курсынан өттім. Осы кәсібім елге қызмет етуіме септігін тигізбесе де отбасы тіршілігінде пайдама асты.

-Иә, Бақыткүлжан! Жалпы, менің сенің отбасың жайлы мәліметім толық болса да, оқырмандарымыз өз ауызыңнан естіп, білсін деген едім. Сондықтан да ұшқан ұян, төркінің жайлы әсерлі әңгімең көпке әсерін тигізіп, біраз ойға қалдырды деп сенемін. Ендігі жерде ата- анаң, жақындарыңның жүрекжарды батасының септігімен тастай батып, судай сіңген өз жұртың жайлы әңгімелеп берсең!

-Дұрыс айтасыз, қыз бала үшін ата ошағы, ұшқан ұясының орыны қашан да ыстық қой. Қазір сіздің сұрақтарыңызға жауап бере отырып, балалық бал дәуренім, жалын атқан жастық шағым көз алдымнан көлбеңдеп, көңілімді қозғап өте берді. Ал енді, мектепті және тігін курсын бітіріп шыққан соң, ауылдың азаматы Бегімхан деген жігітпен көңіл жарастырдым. Үйлендік, үлкен отбасы болдық. Атам да енем де еліне елеулі, халқына қалаулы, Созақ жұртына сыйлы жандар. Мен енді келін болған соң, қазақы ибамен ата- енемнің аттарын атап, түстерін түстеуден тартынып отырмын. Сіз білесіз ғой, оқырмандарым білсін десеңіз, өзіңізжазарсыз. Күйеуім екі қыздың ортасындағы жалғыз ұл болғандықтан ата- енемнің қолында тұрамыз. Қайынбикем мен қайынсіңлім аяқтанған. Екеуі де өзіміздің Шолаққорғандық жігіттерге тұрмысқа шығып, бір- бірүйдің түтінін түтетіп отыр. Осы шаңыраққа келген соң бір жылдан кейін үлкен ұлымды дүниеге әкелдім. Қазір ол жоғарғы оқу орынын бітіріп, елге оралды. Онан кейінгі қызым жоғарғы оқу орынының студенті. Қалғандарының барлығы мектеп оқушылары. Тек, 5 жасар қызымыз ғана балабақшаға барады. Жалпы, жеті бірдей ұл- қыздың анасымын. Өзіңіз естіп отырғандай барша қазақ әйелдері, алтын құрсақты анам секілді өзімді ана болуға, көп бала тауып, әулетіміздің өрісін кеңейтуге атаған жанмын.

-Иә, атаң Әбахан қария мен енең Нышанкул апайды арысы Созақ, берісі Шолаққорған жұртшылығының барлығы дерлік таниды деп ойлаймын. Әрине, әуелі осы текті Теріскейдің тумасы, тұрғыны ретінде. Кейін, кәсіпкер ретінде. Келесі сұрағым мынадай болмақ: «Қазіргі қыз- келіншектер көп бала табудан тартыншақтап жатады. Себебін сұрасаң, бірі асырап, бағып-қағуға апарып тірейді. Енді бірі көп бала тапқан қазақ әйелін отбасы, ошаққасына байланып, салпы етек сары қарынды қатын боп қалады деп ойлайды. Ал, саған қарап олай деуге келмейді. Сол баяғы, әдемі қалпың. Қайта керісінше, көпбалалы, ардақты ана болу сенің ажарыңды аша түскендей. Саған қарап, тамырын тереңге тартқан, жасыл желектерін жайған шынар ағашты елестетуге болады. Ағаларың көрген жерде: «жиен» деп, жандарына жақын тартқаны және әмірбек ағаң сыныптас досым болғаны үшін қарындасым санап, еркінсіп сөйлеп отырғанымды оқырмандар да дұрыс аңғарар. Егер, суретшінің қолына қылқалам беріп немесе ақынның алдына сыя- сауыт қойып: «Қазіргі қазақ әйелінің портретін суретпен немесе өлеңмен сомда десең, әлгі бірекі баламен шектелген қаланың шуйкебасын емес, сен секілді ауылдың ардақты да батыр аналарының бейнесін сомдайтыны хақ. Тіпті, енді бірлері көп бала тапсақ, дене бітіміміздi бұзып аламыз деп те қауіптеніп жатады. Осы ретте, өзіңнің аағыңды алып келе жатқан сіңлілерің мен келіндеріңе не айтар едің?.

-Өте орынды сұрақ! Біріншіден, асырап, бағып- қаға алмаймыз деген пікірмен мүлдем келіспеймін. Себебі, қазақ аналары ашаршылық, соғыс сынды қиын- қыстау заманда да көп бала туудан бас тартпады. Неге, өйткені атамыз қазақтың: «бір тоқты дүниеге келсе, бір түп жусан артық шығады»- деген сияқты қаншалаған даналық сөздері бар. Сол айтпақшы, әрбір бала өз ризық-несібесін ала туады. Бұған, 14 перзент тапқан менің анамның өмірі мысал бола алады. Қайта керісінше, біздің көп балалы отбасындағы балалар бірінің киімін бірі киіп, бір нанды үзіп жеп өскендіктен, көпшіл, мейірімді азамат боп шығады. Ал, бір- екі ғана баламен шектелген отбасыларда тәрбиеленген балалар көбінесе өзімшіл, мейірімсіз боп өседі. Иә, әрине көп балалы отбасындағы балаларға бірі жетсе, бірі жетпей жатуы мүмкін. Дегенмен, сол балалар өсіп, ер жетіп азамат болғанда ондай отбасылардың әлеуметтік жағдайы жақсарып, дәулеті тасып, абыройы асып шыға келеді. Мұны да айналамызға қарап, аңғаруға болады. Сол үшін үлкендеріміз: «Бір кездегі боқты ошақ, бүгін болды майлы ошақ»,- деп, бұл мәселеге нүкте қоя білген. Екіншіден, көпбала тапқан қазақы әйел қазан- ошақтың басынан аса алмай, салпы етек сары қарынды қатын боп қалады дегенге келсек. Айналайын-ау! Өзі әйел, ана болудың негізгі мақсаты, мисиясы сол емес пе? Қазақ бір- бірімен жолығып, халжағдай сұрасқанда: «отбасы, ошаққасы аман ба?»- демеуші ма еді? Сол айтқан отбасы, отағасы дағы ошаққасы да әйел заты емес пе? Жалпы, әйел бақыты, ана бақыты деп жатамыз ғой әдетте. Сол әйел, ана бақытын баласыз қалай елестетуге болады? Неге, қазақ әлі күнге мысал етіп, мақтанып жүретін Домалақ, Зере және Ұлжан аналарымыз жайлы сөз еткенде, көз алдымызға ақ жаулықты, көпбалалы аруана әйелдердің бейнесі бірден келеді? Себебі, сол көпбалалы, ошақ басындағы салпы етек сары қатын бақытты әйел, бақытты ана образының символы. Үшіншіден, көп бала тапқан әйелдің дене бітімін бұзады дегендерге де айтар уәжім бар. Керісінше, көп бала тапқан аналардың денсаулығы мықты боп келеді. Мен жоғарыда айтқан ашаршылық пен соғысты, түрлі нәубетті басынан өткерген қазақ әйелінің денсаулығы ерекше мықты болған. Осыған дейін, жүзден асқан әжелердің өмір тарихына қараңыздаршы, барлығы дерлік көп бала тапқан ардақты аналар. Менің жүзден асқан әжем де соның мысалы. Әдетте, әлеуметтік желілерден, БАҚ- нан байқап қап жатамыз ғой: «Ең сұлу әйел қайсы әйел?»- деген сауалнамаларға көпшілік жұрт: «аяғы ауыр әйел»- деп жауап беріп жатады. Тағы да сол халық даналығына сүйенсек: «Балалы үй базар, баласыз үй мазар»; «Бала таппайтын әйел болмайды, тұрарын айт!»- деп текке айтпаған шығар деп ойлаймын!

- Бақыткүл қазіргі таңда қандай да бір аналысып жүрген кәсібің бар ма, әлде бала күтімімен үйде отырсың ба? Жалпы, болашаққа деген жоспарың қандай?

- Бұл сұрағыңыз алдыңғысынан да маңызды болды- ау мен үшін. Иә, қарап отырсам осы уақытқа дейін отбасым,әулетім үшін өмір сүріп келіппін. Мақсатым, қазақтың бір жігітіне жар болу еді, болдым. Үлкен бір әулетке келін болсам, атаның, ененің қызметін қылып, ақ батасын алсам ба деп едім, алдым. Алтын құрсақ ана болу арманым еді, ардақты ана атандым. Ұшқан ұям, әкемнің отбасында алған тәрбиемнің ақысын берсем деп едім, келген жерімнің алғысын алдым. Олай дейтінім, күні бүгінге дейін бірнірсеге қол жеткізсем, сол өз ата- анам мен жақындарымның және ата- енемнің ақ батасы, алғысының арқасында жеттім деп ойлаймын. Ендігі жерде, әулетім үшін де өзім үшін де өмір сүретін жасқа жеттім. Мен тұрмысқа шыққан соң, жолдасым Бегімхан бүгінімді ойлап, білім әперуді де ұмытпаған еді. Сырттай жоғарғы оқу орынына түсіріп, қазақ- тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі деген диплом да алып шыққанмын. Бұйыртса, бала күнгі арманым ұстаздық жұмысқа кіріссем ба деймін. Негізінен, бұл ұстаздық етуге құштарлық, қазақ- тілі мен әдебиетіне деген жақындық жанымыздың бір паршасы-ау деймін кейде. Өйткені, алдыңғы буын аға- әпкелеріме ұқсап, менің де ыңылдап ән айтатыным және ептеп өлең жазатыным бар. Сосын, аға-әпкелерімнің біразы осы оқу-ағарту саласының майталмандары. Ағам, Бекпенбетов Жарқынбек ағамды, жездем Иманбеков Мұқатұлы Мұхаммед-Әлиді білесіз. Екеуі де Н.Төреқұлов атындағы IT лицей мектебінің белді де беделді ұстаздары. Соларға еліктеп өстім!

- Иә, Бақыткүлжан! Ұсынымызды қабыл алып, сұхбат беруге келіскенің үшін, алтыннан қымбат уақытыңның бір паршасын оқырмандарымыз үшін айырғаның саған айтар алғысымыз мол. Отбасыңа, кәсібің мен нәсібіңе береке тілеймін.Алда келе жатқан Халықаралық әйелдер мейрамымен ұжымымыздың атынан құттықтаймын. Өн, өс, асыл армандарыңа қол жеткіз!

Данияр БЕК.

Ене мен келін сыйластығы, отбасының берекесі

Ардақты асыл аналар, қызғалдақ қыздар мен ибалы да сүйкімді келіндер сіздерді, ардагер аналар атынан «Жаңа Қазақстанның» алғашқы көктем мерекесімен құттықтаймын, еліміз аман, халқымыз тыныш болып кешегі қасіретті қаңтар айының оқиғасы қайталанбасын деп тілеймін. Халқымызға ауызбіршілік, ынтымақ басшыларымызға сабыр берсін деп тілеймін.

Мерекемен сіздерді құттықтай отырып өз ойымды жазғым келді. «Отан отбасынан басталады», ал отбасын берік ұстайтын біздер яғни ене мен келін деп білемін. Қазір жасым 90-ға таянып қалды. Бақытты аналардың бірімін. Алланың берген ұл-қызын өмірге әкелдім шүкір тоба. Өзім келін болып одан ене болып, қәзір ененің енесі болып немере келіндер жұмсап отырған жайым бар, әрине өмір болған соң әркімнің басында әр түрлі тағдыры болады. Мен қайнаға мен абысынның қолына келін болып түсіп 2 жылдай бірге тұрдық, ата-енеміз жеке тұрады екен, енеміз жастау. Жолдасымның кейінгі анасы екен алғашқыда қиындау болды, ол кісі мені біраз қинады. Мен жолдасым үшін бәріне көндім. Әрине кейін балалы-шағалы болдық. Анам: -Қызым бір үйде екі әйел болса біреуі кешірімді болу керек. Сонда ол үйде ынтымақ береке болады. Сен кішірейіп енеңді сыйлай бер одан кем болмайсың келешекте сенде ана боласың сыйластығың алдыңа келеді деп басу айтып отыратын мен солай істедім. Кей кездерде жоқ жерден ұрыс шығып кетеді сол кезде мен далаға шығып тірлігімді істей жүріп самаурынды қойып қайнаған соң шайды жасап:

-Апа маған ұрсамын деп шаршап қалған шығарсыз шәй ішіңіз,- деп қоямын. Сол кезде ол кісі:

- О әдіре қалғыр деп күліп жіберіп келіп отыратын. Бір күні апа отырыңызшы бір нәрсе айтайын дедім –осы ұрыстың керегі не? Сіз менің туған анам болып ұрысыңыз мен қызыңыз болып өкпелеп қоя салайын. Бірақ даусыңыз сыртқа шықпасыншы сіз не айтсаңызда мен орындаймын. Қәзіргі заманда бір-біріне қосатын адам аз, ал ажырататын адам көп сондықтан тату болайық деп қоятынмын. Тату-тәтті тұрдық менен үлкен бөлек тұратын екі келіні бар еді ол кісілер күлетін қалай бағындырып алдың деп мен айтатынмын бәрі сыйластық деп. Сөйтіп жүргенде атам ауырып орнынан тұра алмай екі жыл жатқанда енем паралич боп ол кісі де жатып қалды. Атам екеуін екі жыл екі бөлмеде жатқызып қарадым. Төрт жыл дегенде атам өмірден озып, енем тағы 6-жыл жатты қатты қиналдым тас түскен жеріне ауыр дегендей басқалардың онша шаруасы болған жоқ жұмыстыда істедім балаларымның көмегімен ол дәуірдіде өткіздік. Сонда Алладан сұрайтыным осы мен көрген қиындықты келіндерім мен қыздарым көрмесе екен деп тіледім.

Ұл-қыздарым өсіп біреуі оқуды, біреу әскери міндетін өтеп жатты. Балалар үйленіп, қыздар тұрмыс құрды. Алғашқыда екі жылдай екі үлкен келін бірге тұрды. Әрине «кісі есігі тоң есік» дегендей оларға да қыйындау болды. Екеуі бір-біріне үйренісе алмай жүрді, өзім араларында бәйек болып осылар күліп жүрсе екен, тату болса екен деп отыратынмын. Үлкен келін орысшалау, қаланың қызы еді оңашада оған,-сен үлкенсің кешірімді бол, анау-мынауларды ұмыта сал, дейтінмін ал кіші келінге сен өзіміздің ауылдың қызысыңғой бәрін білесің әрі жолың кіші анау-мынауды елемей тірлігіңді істеп жүре бер жаным деп отыратынмын. Кейіндеу үш келін түсті, олар 2-жыл бірге тұрды. Бір жаққа қыдырып кетсем келгенше уайымдап келемін қалай жүр екен, ұрысып қалған жоқ па деп. Алдымнан үшеуі күліп шықса қуанып беттерінен сүйіп балапандарым менің деп риза боламын. Анаға бұдан үлкен бақыт бар ма?

Қыздар өсті оларда өз теңдерін тауып кете бастады. Бірінші үлкен қызым Алматыда оқып жүріп Ақтауға тұрмысқа шықты қатты уайымдадым Адай деген елді қатал ел деп естейтін едім қалай болар екен деп. Бес–алты күннен кейін хабаршыға мұрттары тікірейген өздері едіреңдеп тұрған екі жігіт келді, мәнжайды естіп жүрегім орнына түсті.

Алланың көрсеткеніне шүкір деп келіндердің көңілдеріне қарап солардың бір-біріне реншіпен қарамағанын тілеп отырамын. Бірінен соң бірі отау болып шыға бастады. Келіндерім ойымнан шығып сыйластықпен өсіп –өніп жатыр. «Жақсы үйге түскен келін-келін болар жаман үйге түскен келін келсап болар» деген бұрынғы бабалардың айтып кеткені өте орынды айтылған ғой. Бесеуі бес елдің қызы бір отбасыға келін бір үйдің қызы болу өте қиын екен дегенмен үйренісіп, кәзір апалы-сіңілідей бірін-бірі көргенде шүйіркелесіп қалады. Халқымызда тағы қанатты сөздер барғой «келініңді қызыңдай көр қызыңда келін болар, күйеу балаңды ұлыңдай көр ұлыңда күйеу бала болар» деген дей. Келін жаңадан келгенде кішкентай ғана кемшілігін көріп оны үлкейтпей, «еш нәрсе етпейді келесі жолы жақсы болады еш қиналма жаным бәрін үйреніп аласың» деп отыратынмын. Отбасымызда айқай-ұрыс болған емес, келіндерім ойдан шықты оларды өз қыздарымдай көрдім жіберген қателіктерін кешіріп отырдым, оларда мені сыйлады. Бөлек тұрсада әр келгенінде сыйлықтарын, алып келіп тұрады. Кәзір олардың да келіндері бар оларға айтамын мен сендерге қалай қарасам сендерде солай қараңдар олар сендердің қыздарың енді анасы сендерсіндер деп айтып отырамын. Қазіргі кезде кенже ұлым мен тұрамын өз келінім, оның келіні үшеуміз ұрыс, дау –жанжал деген болмайды. Немере келінім бос маған қарайды, мен болсам шөберемнің бесігін тербетіп пайдамды тигізіп отырамын. Келіндеріме ризамын оларға рахметімді айтып Алланың нұры жаусын деп отырамын.

Қымбатты қыздар «ана көрген тон пішер» деген аналарыңнан алған жақсы тәрбие үлгіні барған отбасыға көрсете біліңдер. Әр бір қыз бала барған жерімде бақытты боламын деп емес барған жерімді бақытты қыламын деп бару керек сонда ғана ол отбасында ынтымақ, береке болады және ата-анасы силап жүрсең қолынан ұстап келген жарың да риза болады. Бабаларымыз айтып кеткен ғой «Анаңа қандай қызымет көрсетсең, алдыңа сол келер» деген. Қазір менің алдымда келіндерім,немере келіндерім шауып жүр. Алланың нұры жаусын оларға ризамын. Өзімнің бес келінім болса, немере бес келінімде бар шүкір тоба Алла бақытты өмір, ұзақ жас,отбасыларына ынтымақ береке берсін деп сұрап отырамын.

Қымбатты “Созақ үні” газетінің оқырмандары, қыз-келіншектері тағы да көктем мерекесімен құттықтап денсаулық, зор бақыт, отбасыларыңа ырыс несібе ынтымақ, ұзақ өмір тілеймін!

Гүлжахан БӘЛШЕНҚЫЗЫ,
Еңбек тыл ардагері,
«Алтын алқа иегері».

Білім бағының мәуелі бәйтерегі

Көптен бері өзіме ұстаздық еткен, қазіргі таңда Т.Әлімқұлов мектеп интернат-лицейінде бірге қызмет жасап жүрген ұлағатты ұстаз Жолдасбекова Гүләсия апай туралы жазуды ойға алған едім. Шыңы биік, мінер баспалдағы ауыр ұстаздық жолда апайдың шыққан шыңы, алған асулары мені өзіне еріксіз тартып, қалам тартуыма себепкер болған-ды. Өзінің талай жылғы еңбек жолында шаршауды білмейтін, тынымсыз ізденетін, шығармашылығын дамытуды басты мақсат ете білген апайдың жеткен жетістіктері облыс, республика жұртшылығына аян. Бәрін санамалап отырсам, оқырман қауымды жалықтырып алам ба деген оймен қадау-қадау бағындырған шыңдарын сөз етуді жөн көрдім. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауында шәкірті Еркінбек Айжан оза шауып, 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталып, Қарағанды қаласына жолдама алды. Ол жақтан алғыс хатпен оралды. Физика пәні бойынша олимпиадаларда шәкірттері құр қол қайтқан емес. Бір кездегі облыстық олимпиада жеңімпазы болған Ділдабекқызы Жансая апайдың жолын қуып, аталған білім ошағында математика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Жоғарыда аталған инновациялық идеялар байқауына тағы да дарынды шәкірті Қыпшақбай Ильяс қатысып, 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Апай бірнеше бағдарлама авторы. Гүләсия Збанқызының еңбегі еленбей қалған жоқ. ҚР білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай «Ең үздік педагог» төсбелгісін, «Ұлағат-2017» таңдаулы мұғалім байқауының жеңімпазы. Биылғы күз апайдың жадында мәңгі қалары анық. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық

мақаласын жүзеге асыру мақсатында өз мамандығының хас шебері атанған мамандарға сыйлықтар, марапаттар табыс етілді. Астана төрінде өткен «Тәуелсіздік ең қымбат қазынамыз» атты республикалық конференцияға қатысып, «ҚР-ның құрметті азаматы» атанып қайтты. Ия, болашақта өзі еккен ағашының бүршік атып, жемісін беруі–әрбір ұстаздың қуанышы мен арманы. Гүләсия апай еккен ағаш шартарапқа тамыр жайып,мәуелі бәйтерекке айналғалы қашан. Менің сөз етіп отырғаным –ұстаз еңбегінің бір парасы ғана. «Ұстазым менің ұстазым, өзіңде өткен қыс-жазым, Қалдырған ізің мәңгілік, Жадымда тұрар жаңғырып»,-деген өлең жолдары тіліме орала кетті. «Педагог-шебер» ұстаздың ұлы жолы бізге үлкен мектеп, үлгі-өнеге. «Құрметті азамат» атағы өз иесін тапқан-ды.

Ләззат ШАЛБЕКОВА,
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

Нұрсұлудың нұрлы әлемі

Ауданымыздағы маңдай алды білім ордасы Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп – интернат лицейі жылда жас мамандармен толығып отырады. Осындай менің мақалама тұздық болғалы отырған математика пәнінің жас маманы Ахметова Нұрсұлу болмақ.

«Жас келсе іске» демекші, келе сала ұжыммен қоян-қолтық араласып, жан-жағына әдемі көңіл күй сыйлап жүретін елгезек қызды ұжым жылы қабылдады. Қиын да қызықты мамандығының білгірі шәкірт жүрегінен жол тауып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырды. Игі бастамалардың жанынан табылатын жас ұстаздың аз уақыт ішінде жеткен жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. Қадау-қадау жарыстарға өзі де, шәкірттері де қатысып, бәйгенің алдын бермей келеді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Нұрсұлу қатысқан жарысты сөз етпекшімін.

Талантты мамандарды қолдау мақсатында өткен «Дарынды балаларға–талантты ұстаз» олимпиадасының аудандық, облыстық кезеңдерінде қарсыластарынан оқ бойы озып, Республикаға жолдама алды. Артылған сенім жүгін сезінген ол күні-түні шығармашылығын шыңдай түсті. Өскеменге үкіліген үмітті арқалап аттанды ол. Үміт ақталды. І орынды жеңіп алған Нұрсұлу Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі А.Аймағанбетовтың І дәрежелі дипломымен марапатталды.

Еңбек өтілі 4 жыл. Аз ба, көп пе? Оны оқырман өзі бағамдай жатар.

Өскемендегі әсерін сұрағанымызда:

-Жарыс өте тартысты өтті. Әрбір облыстан мен деген мықты мамандар қатысты. Күндіз–түні ұйықтамай, ізденімпаздығым, еңбекқорлығым нәтижесін берді. Кейбіреулердің таныс-тамырсыз орын ала алмайсың деген сөзін жоққа шығарғандаймын, -деп сөзін аяқтады ол.

-Ия, Нұрсұлу, жеңісің құтты болсын! Жарқырайтын кезің алда, дарынды балалардың талантты ұстазы, - дедім мен іштей сүйсініп.

Рабиға МОМАХАНОВА,
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Сүгір мұрасына тағзым!

Қайран біздің бабалар-ай боз даладан сыр тартқан,
Сол сырлардан таңғажайып күй тасқындап,жыр аққан.
Жанды тербеп тарихымен күмбірлесе “Бес жорға”,
“Телқоңырмен” тербелесің үні кетпей құлақтан!

“Боз інгеннің”бүлкілімен боз даласын шарлаған,
“Шалқымасы”шабыт берген күй құдірет ЖАНБАБАМ.
Сенің селдей сезіміннен нотасыз-ақ күй туып,
Адам бар ма”Қаратаудың шертпесіне” қанбаған?!

“Қосбасар”күй қоңырауласа сәби біткен уанар,
“Тоғыз тарау” тебіренсе ұрпағың бар қуанар,
“Кертолғауға” ілесіп көр,жолың болсын Жас талап,
“Ыңғай төкпе” шертілгенде кәрі-жасың құп алар!

“АККУ”(күйі) ұшса сағым дала-айдын көлге теңелер,
Көңіл шалқып, санаң сергіп,рахатқа жаның бөленер!
Мыңжылқыдай маңғаз таудан ”Мыңжылқы” күй шалқыса,
Туған өлкем күймен бірге тебірене жөнелер!

ҰЛЫЛАРДЫҢ аты өлмейді шәкірттер бар артында,
Кел жас ұрпақ,өрге өрле,күйге құмарт тартынба.
Күй өлмейді, күй өрлейді ұлы ҚАЗАҚ тұрғанда,
Мол мұрадан сусындай біл сарқылмас БҰЛАҚ ҚАЛПЫНДА

Нұрмаханбет СМАҒҰЛҰЛЫ,
Ыбырай ауылы.

Тіл мұңы

(Монолог)

Күз келгенде жерге түсер жұмыр шық
Халқым мені жырға қосар бір ыршып
Санғасырдың інжулерін жеткізіп,
Өртеңге де өніп келем тымырсық.
Өзегі ем фақиһтердің рух алатын,
Өзені ем би-шешеннің уыт алатын.
Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқанымның
Сәулесі ем бар әлемге нұр шашатын.
Мен туралы өлең көп асқақтаған

Мен туралы ой да көп сыр ақтарған.
Тағдырдың талқысында талай қандас
Сағынышын жолдады жырақтардан.

Қайыстай қара өлең боп иленемін,
Сахнада тоты құстай түрленемін.
Толқыным жетпей жатса жағасына
Күй болып домбырада күңіренемін.

Мәжнүнді Ләйлі қызға сүйікті еттім
Серттен тайған Қарабайды күйікті еттім.
Періштедей ұшып жеттім иығына
Қара қылды қақ жарған Қазыбектің.
Жауын алып жарнамалар жанарымның
Өзге тіл бүйірін тесті-ау қанарымның-
Мәңгілік ел боламыз!- деп ұрандаған
Жиреншелер, ашымайды-ау жандарың шын!
«ҚОЙАН» деп дұрыс жазған бүлдіршінге
Я-ны неге қоймадың деп ұрысады-ау,
«ҚОЙУ» деген уыз жүректі адастырып,
Білмейсің деп Ю-ды ұстаз тырысады-ау.
Тұқыртып қаңтарылған тұлпардайын
Тыпыршимын сусаған сұңқардайын.
Ызадан кейде қалам жарылардай
Кеудемде бір қыжылым қайнағандай!
Өз халқым өз ақысын өз тілінде
Ала алмаса не керек жалған мақтан?
Бал емес, у жалаймын бармағымнан-
Алыпқа айналамын қашан уақтан?
Бабаң тілі менмін ғой әлмисақтан
Өз-өзіңді қорлаудан, ұлтым, сақтан!
Өзге тілдің бәрін біл, өзіңдікі-
Ту болып желбіресін шаңырақтан!
Төгеріште, сәні кірсін керегемді,
Айналдырып дөдегеле үзігімді!
Ахмет құрған осы отау биіктесе-
Биіктемек әрдайым мәртебем де!
Шындықтың басы күн де, етегі мұз
Бүгінде табанымнан өтеді сыз.
Дұрыс оқы, дұрыс жаз, дұрыс сөйле-
Сенем саған иманды ұл, жетелі қыз!

Бибіқадиша МАУЛЕНҚЫЗЫ,
С.Бақбергенов атындағы шжжом мұғалімі.

Ахмет Байтұрсынұлына-150 жыл

Ұлт ұстазы

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5- ауылында, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген. Ахметтің әкесі қарапайым шаруа адамы. Байтұрсын Шошақов- арғын Үмбетей батырдың немересі. Әділетсіз өмірдің ұлы зары бала жүрегін он үшінде жарайлайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық, зорлыққа шыдамай, 1985 жылы 12 қазанда ояз бастығы полковник Яновлевтің басын жарып жіберді. Мұның соңы дүние мүлікті тартып алумен, абақты, Сібірге он бес жылға жер аударылуымен тынады.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1982-84 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінен хат таниды. Артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады.

1982-91 жылдары Торғай қаласында екі кластық орысша-қазақша училищеде, 1891-95 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

1885 жылдың 1 маусымынан бастап мұғалім болады. Өзі ізденіп, кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады оқулықтар жазады, аударма жасайды, өлең-жыр тудырады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың беделі өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып 1909 жылдың 1 шілде күні Семей абақтысына алынып сотсыз, үкімсіз, 8 ай бойы азап қорлық көріп қиналады.

Анасына жазған хатында былай дейді:

Бара алмай өтірікші болдым әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ,
Үкімет қылған зорлыққа бар ма шараң?

Осы үзіндіден әділетсіздік, зорлық-зомбылық көрген Ахмет күйін көреміз.

Түрмеде бостандық жайлы өлеңдер жазды. Солардың алғашқы қарлығашы «Қырық мысал» кітабы болды. Осы кітаптан соң Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігіне көз жеткізгендей болды.

Ақыры Қазақстанда тұру құқығынан айырылған соң, айдау ретімен 1910 жылы Орынбор қаласына келеді. Осы жылдары қазақ халқының ары, намысын жоқтап, екінші емшілік ұраны болған «Маса» есімді өлең кітабын жазып шығарды.Кітаптың «маса» атануының да себебі бар.

«Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағыма ызыңдаса»-деп, төңкеріске дейін қалың надандық ұйқысына шомған халқын оятпақшы болды. Екінші жағынан, халықтың «қанын сорғыш ұлықтар» мен патша үкіметінің жағымсыз образдары да осы ұғымға сиып тұрғандай.

Бүгінгі таңда «маса» жинағының біз үшін құнды жағы-одан «қырық мысалдағыдай» таза саяси үн, халық мұңын ғана естіп қоймаймыз, өз өміріне қатысты деректер дүниеге көзқарасы, арман мақсаты айқын көрінеді. “Маса” жинағында теңсіздік, озбырлық, әділетсіздік, надандық жайлы айтылады. Мектепте бала оқытып жүріп «Әліпби» құралының кемшіліктерін көрді. Ахаң ауыл балаларының сауатын ашу үшін 1912 жылы Орынборда «Әліппе» бастырып шығарды.

«Әліппе» аса қызықты, баланы өздігінен білуге, үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Ахмет Байтұрсынұлына өзі көшбасшы болған қазақ тілі біліміне ғана емес, күллі түркі әлемінде атақ-абырой әперген «Тіл құралы» атты кітабы болды.

«Дыбыс жүйесі» (фонетика), «Сөз жүйесі» (Морфология), «Сөйлем жүйесі» (Синтаксис) атты үш кітаптан құралған тұңғыш грамматикасында қазақ тілін ана тілінде алғаш рет ғылыми жүйеге түсірді.

Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттану ісіне қосқан үлесі аса мол. Ол 1923 жылы Москвада қазақтың эпостық жыры «Ер Сайынды» бастырып шығарды. «Ер Сайын» негізінен, ел қорғаушы батырдың жорықтарын, ерліктерін баяндайтын белгілі эпостық жыр.

1925 жылы осы баспа арқылы «23 жоқтау» жинағын бастырды. Қайғылы оқиғаларға байланысты шыққан жыр, елдің ержүрек батырлары, көпшілік үміт артқан адамдары, басшылары туралы айтылған.

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабы 1920 жылы жарық көрді. Бұл әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы қазақ тіліндегі тұңғыш көлемдегі еңбек. «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі ауыз және жазба әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық мән маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық, әсемдік әуенін талдауға бейімділік танытады. Қазақ музыкасы мен ән-күйі өнеріне де терең ой жіберген ғалым. Ол халық әндерін жақсы білді және оларды тамаша орындайды. Жақсы домбырашы болған А.Байтұрсынов қоршаған ортаға сын көзімен қарайды, көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі» «Бақ» сияқты өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Байтұрсыновтың Абайға арнаған негізгі еңбегі «Қазақтың бас ақыны». Бұл мақалада көптеген мәселелерге мән берілген. Абайдың әдебиет тарихындағы орнын анықтап, оны қазақтың бас ақыны деп көрсетеді.

Ахмет-ғалым, тілші, түрколог, әдебиетші, ақын, публицист, аудармашы, мемлекет қайраткері. Республика оқу комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғарғы оқу орындарында профессор болады, сөйтіп жаңа заман үшін күреске түседі.

Адамгершілік нормалар бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған кезде Байтұрсынов әуелі 1929 жылы ұсталып, абақтыға қамалады, лагерь тепкісінде ұзақ азап көріп, 1936 жылы қайтып келеді, бірақ 1937 жылы тағы репрессияға ұшырап 1938 жылы атылады.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, түрленген ана тілі, әдебиеттегі орны, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Рамазан ТӨРЕКЕЛДІҰЛЫ,
Т.Әлімқұлов атындағы №14 интернат-лицейінің 8 х/б сынып оқушысы.

Табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде өртке қатысты жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Осы жиынға қатысқан аудандық орман шаруашылығы мекемесінің мамандары жиында айтылған мәселелер жөнінде толық мәліметті сұраған едік. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға , пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті.

Серік ӘЛИЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің орман шебері.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың наурыз айының 16 жұлдызында «Ашық есік күні » өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Асқа шақырамыз

Шолаққорған ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері **Нұрхожаев Тәжі** ақсақалдың өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болды.

Аяулы әке, асыл ата, жан баба,
Сендер едің қамқор болған балаға.
Әр баланды, өсіріп ең мәпелеп,
Теңеп бәрін дара менен данаға.
Ұрпағыңның ойлап қамын қашанда,
Біз есейдік әке сенің арқаңда.
Әруақтарыңа ас береміз бағыштап,
Жәннат болсын шынайы өмір әманда!,-дей отырып марқұм әкеміздің рухына бағыштап Шолаққорған ауылы Кіші Балдысу көшесіндегі өз шаңырағында **18 наурыз қонақ асы, 19 наурыз күні** өтетін қырық күндік асына (карантин талаптарын сақтай отырып) ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері, Нұрхожаевтар әулеті.

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, аяулы жар, асыл әже **Жазбекова Шакизада** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң анамыздың нұрлы жүзі жүректерде сақтаулы.

Жүректесіз мәңгі біздің көңілде,
Жас таусылды көзден біздің төгіле.
Жайлы болсын жатқан жеріңіз жан ана,
Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде, - деп асыл анамыз Шакизада Жазбекованың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген жандардың есіне саламыз.

Ас – 18 наурыз күні (17 наурыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Зейне Темірбекова көшесіндегі өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, келіндері, немерелері.

Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жар, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған асқар таудай әкеміз **Манабаев Базар Айтуарұлының** арамыздан мәңгілік мекеніне кеткеніне де жылдың жүзі болып қалды. Әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Әкетайым, асқар таудай тірегім,
Біздер үшін адал еді жүрегің.
Жатқан жерің жайлы болсын жан әке,
Топырағың торқа болсын тілерім, - деп, әкеміз Базар Айтуарұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 20 наурыз күні (19 наурыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Спатаев көшесіндегі өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақырушылар: Манабаевтар әулеті.

Хабарландыру

«Шолаққорған-су» МКК-ның 28.2.2022 жылғы №35 НҚ бұйрығы бойынша төмендетілген тарифы 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап төмендегі кестеге сәйкес төмендетіледі

қ/с	Мекеме аты	Тұтынушылар	Өлшем бірлігі	01.04.2022 жылға дейінгі тариф ҚҚС-сыз	01.04.2022 жылдан бастап төмендетілген тариф ҚҚС-сыз
1	«Шолаққорған-су» МКК	Орташа босату тариф, оның ішінде:	Теңге/1м3	75,72	75,46
2	«Шолаққорған-су» МКК	-жеке тұлғаларға (халыққа)	Теңге/1м3	47,89	40,84
3	«Шолаққорған-су» МКК	-заңды тұлғаларға	Теңге/1м3	87,04	92,13
4	«Шолаққорған-су» МКК	-1,2 топқа кірмейтін басқа мекемелерге	Теңге/1м3	104,42	101,59

Ғ.НЫШАНБАЕВ,
«Шолаққорған Су» МКК директоры.

Туберкулез ауруының белгілері және оның алдын алу шаралары

Жыл сайын 24 наурызда Дүниежүзі Туберкулезге қарсы күрес күнін атап өтеді. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен белгіленген бұл күн жыл сайын әртүрлі ұранмен өтеді. Туберкулездің алдын алу және анықтау, туберкулезге қатысты әр адамның белсенді өмір сүру жағдайын қалыптастыру жөніндегі білім-білік деңгейлерін көтеру мақсатында биылғы жылы «Туберкулезге қарсы күреске қаражат салыңыз» Өмірді Сақтаңыз! атты ұранымен ұйымдастырылуда.

Туберкулез белгілері қалай байқалады?

Туберкулез белгілері бірден байқалмайды. Әдетте, ол ұзақ уақыт бойы ағзада дамып, көбіне өкпе тіндерін зақымдайды. Оның белгілерінің жүре келе пайда болатыны да сондықтан. Бірақ көп ұзамай: тоқтаусыз жөтелу, кейде қан аралас қақырық түсу, кеуде қуысының ауыруы, өз-өзін жайсыз сезіну, салмақ жоғалту, қалшылдау сынды белгілер байқалады. Мұндай жағдайда міндетті түрде емханаға барып тексеруден өту қажет.

Алдын алу шаралары

Жаңа туған нәрестелерге перзентханадан шықпай тұрып, туберкулезге қарсы екпе егіледі. Міне, осы екпе құрамында әлсіреген туберкулез таяқшалары болады. Вакцина құрамындағы бактериялар ағзаға түскеннен кейін көбейіп, органдар мен тіндерге орналасады, сол арқылы иммунитет қалыптасады.Перзентханада егілген туберкулезге қарсы екпе адамды ұзақ уақыт бойы осы аурудан қорғайды. Бірақ 7 және 14 жаста вакцина тағы салынады. Мұны қайталап егу деп атайды. Қайта егер алдында туберкулезге қарсы сынама жасалады (Манту сынамасы). Манту – вакцина емес, ол адамның туберкулез ауруын жұқтырған-жұқтырмағанын анықтау тәсілі ғана. Сондықтан одан қорқудың қажеті жоқ. Жалпы, бұл балаларға қолданылатын әдіс. Ал, ересектер жыл сайын (кеуде қуысын) флюорографиялық тексеруден өтіп тұруы тиіс.

Өз денсаулығың – өз қолыңда

Жасыратыны жоқ, тұрғындардың басым көпшілігі өз денсаулығына немқұрайлы қарайды. Денсаулықты ауырған кезде емес, ауырмас бұрын, үнемі күту қажет. Адамға берілген күш-қуат пен әр ағза қалыпты тепе-теңдікте, күтіммен жұмыс істеген жағдайда, ағза да Сізге ұзақ қызмет етеді. Себебі, адам ағзасы – өз заңдары бойынша жұмыс істейтін механизм. Таза ұстаса, тепе-теңдік сақталса, ағзаға қандай да бір салмақ түспесе, яғни артық жүктеме болмаса, ол бұзылмайды.Ең бастысы, туберкулез жазылатын ауру және оның алдын алуға болады. Жұқтырған күннің өзінде дер кезінде, дұрыс емделсе пациенттің құлан-таза айығып кетуге мүмкіндігі бар. Ол үшін медицина қызметкерлері ғана емес, әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, өз-өзін күтуі қажет.

Қ.АҚҚҰЛИЕВ,
Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің бөлім басшысы.

КОНГО-ҚЫРЫМ ҚАНДЫ ҚЫЗБАСЫ ҚАУІПТІ!

Конго-қырым қанды қызбасы (немесе көкала деп аталады) – табиғи ошақты вирустық аса қауіпті жұқпалы арру. Бұл ауру кененің шағуы арқылы немесе ауру адамнан сау адамға жұғады. Адамдарға кененің шағуы арқылы жұғады. Бұл ауру көктем, жаз мезгілдерінде көбірек кездеседі. Кене қансорғыш жәндіктердің қатарына жатады. Көктем, жаз мезгілдерінде өсіп-өнуі үшін аса белсенділік танытып, жануарларға, сонымен қатар төрт-түлік малға және адамға қан сору үшін шабуыл жасайды.

Адам денесіне кене білдірмей және ауыртпай терінің жұмсақ жеріне жабысып қан сорады. Кене Конго-қырым қанды қызбасы ауруы қыздырғышының негізгі тасымалдаушысы болып табылады. Кене ұрпақтан-ұрпаққа осы қоздырғыштардың тұқымын сақтап, таратып отырады. Сондықтан адам жеке бастың тазалығын сақтамай, кенені қолымен алып, езген жағдайда және қой қырқымы кезінде кененің қаны шашырап жұғуы мүмкін.

Аурудың белгілері кене шаққаннан кейін 2-7 күн ішінде білінеді. Науқас адамның дене ыстығы 39-400 С – градусқа дейін көтеріледі. Басы, буындары қатты сырқырап ауырады. Көзі мен тамағы қызарады, тамаққа тәбеті болмайды. Аурудың 2-5 ші күндері мұрыннан, асқазан ішектен, әйелдердің жатырынан қан кетеді, науқастың денесі бөртеді. Қол мен терінің қатты басқанда немесе ине шаншығанда қанталап, көгеріп кетеді. Науқас адам дер кезінде дәрігерге көрінбесе, ауру асқынып, өліп кетуі де мүмкін, сонымен қатар қасындағы адамдарға да жұқтырады.

Сақтандыру шаралары:

-Кенені қолмен ұстауға болмайды, қолмен кенені езбеу керек;

-Кене шаққан жағдайда өсімдік майын тамызып, кенені қысқышпен ұстап, оны отқа жағу керек;

-Мал қорадан келген соң, киімдерді қағып, оны мұқият қарап шығу керек;

-Малға қарағанда арнайы сақтану киімдерді (қолғап халат, шалбар) киген дұрыс;

-Кене шаққан жерін иод ерітіндісімен сүрту керек;

-Қой қырқымы кезінде қолға қолғап, үстіңізге арнайы киім киген жөн;

-Мал қораны залалсыздандырып тұрған жөн.

Кенеге қарсы бүрку, дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу керек, яғни Конго-қырым қанды қызбасы ауруына алдын алу мақсатында ірі қара, жылқы, түйелерге – бүрку, қой мен ешкілерге тоғыту, ал үй іргелік қора-жайларға дезинсекция , дезинфекциялау жұмыстарын міндетті түрде жыл сайын жасатып тұру қажет.

Кенеден сақтанып жүрейік ағайын!

Б.ЖОЛШЫБЕКОВ,
ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман-мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау негіздері

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер басқа тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін заң бойынша сотқа жүгінуге құқығы бар азаматтардың, ұйымдардың, сондай-ақ өзге де адамдардың арыздары бойынша қозғалады. Арызданушы заңдық маңызы бар бірнеше фактілерді анықтау туралы арыз берсе, онда соттар осы талаптарды бір өндірісте қарауға құқылы.

Мұндай фактілер заңға сәйкес заңдық маңызы бар жағдайларды тудырса, фактіні куәландыратын тиісті құжаттарды алуға немесе оларды қалпына келтіретін арызданушының басқа мүмкіндігі болмаса, қолданыстағы заңнамамен оларды анықтаудың өзге мүмкіндігі көзделмесе, фактіні анықтау соттың ведомстволығына жататын құқық туралы дауды кейін шешуге байланысты болмаса, қабылдап, ондай істерді ерекше өндіріс тәртібімен қарай алады. Арызды қабылдау кезінде сот арызданушыдан ол фактіні анықтаудың оның қандай заңдылық мүддесін қорғайтындығын айқындап, арызданушыдан фактіні куәландыратын тиісті құжатты алудың немесе оны қалпына келтірудің мүмкін емес-тігін растайтын жазбаша дәлелдемелерді талап етуі қажет.

Құжатты алу мүмкіндігінің жоқтығы деп белгілі бір фактіні тіркеу ережелерінің талабын, фактіні тіркеу тәртібінің сақталмауын немесе сол сәтте ондай шараға бара алмаушылықты, жүгінуге жағдайы болмауын түсіну қажет. Құжатты алуға мүмкіншілік жоқ деп, фактіні растайтын құжаттар болғанмен, сол құжатта дәлелдемелік маңызынан айыратын, түзетілуі мүмкін емес қателіктер мен фактіні тура дәлелдейтін негіздемелер болмаса, ол құжаттар дәлел болу маңыздылығын жоғалтып, оны түзетуге жағдайлар болмауын түсіну керек.

Құжаттың жоғалып немесе жойылып кетуіне байланысты тиісті органның оның көшірмесін беру мүмкіндігінің болмауын жоғалған құжатты қалпына келтіруге мүмкіндік жоқ екенін білген дұрыс.

Егер қолданыстағы заңнамамен оларды анықтаудың өзге де тәртібі көзделсе, сәйкес арызды қабылдаудан бас тартуға болады. Ал, арыз қателікпен қабылданып, ол бойынша іс қозғалған жағдайда, онда қысқартылуға жатады.

Заңдық маңызы бар фактіні анықтау туралы арызды қабылдау кезінде судья құқық туралы дау бар екенін анықтаса, арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарымда арызданушының мәлімделген талабы талап қою өндірісін жүргізу тәртібімен қарауға жататынын атап көрсетіп, белгіленген мерзімде талап арыз түсіруді ұсынады. Ұйғарымда көрсетілген нұсқаулар орындалмаған жағдайда арыз берілмеді деп есептеліп, арызға тіркелген барлық құжаттар сол арызбен бірге талапкерге қайтарылады.

Егер істі қарау кезінде сотқа ведомстволық қатысты құқық туралы дау пайда болса, онда ол істі талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарау туралы сот ұйғарым шығарып, арызданушы мен басқа да мүдделі адамдарға белгіленген мерзімде орындаудың қажеттігін түсіндіруге міндетті. Соттың ұйғарымы орындалмаған жағдайда, арыз қараусыз қалдырылады, ал мүдделі адамдарға олардың жалпы негіздерде талап қою құқығы түсіндірілуі керек.

Б.ЖҰПАРБАЙ,
Созақ аудандық сотының жетекші маманы.

Қоғамның дертімен қоғам болып күресейік

Сыбайлас жемқорлық кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттіккызметшілердіңсыбайлас-жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қоғам болып, ата-ана болып қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу керек. Сондай-ақ сот орындаушыларының кәсіби біліктілігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы курстарда білімдерін көтеруге жағдай жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бүгінгі күннің өзекті талабы.

Сәкен ІЗБАЛАЕВ,
Мемлекеттік сот орындаушысы.

Әлия атына заты сай ару

Жергілікті әскери басқару органдарының құрылғанына биыл 103 жыл толады.

Отан қорғау-әрбір отаншыл азаматтың қанына сіңген ұлы қасиеті. Сол ұлы қасиетті бабалардан аманаттап қабылдап алған сіздер мен біздердің асқақ борышымыз- туған өлкемізді сүю, туған жерімізді қорғау, отанды аялай білу. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Президенті, Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған салиқалы сарабдал жолда әрбіріміз ұлы борышымызды айқын да асқақ абыроймен ұстана білуге міндеттіміз. Біріміздің ұлымыз, біріміздің немереміз туған өлкеміз Қазақстан Республикасының шекарасын қас-қақпай күзетіп тұр. Бұл ата-бабалардан қалған асқақ мұра туған өлкемізге перзенттік борышымыз деген ұғым! Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде бірнеше ару қыздарымыз қызмет атқарады. Олар жергілікті жас сарбаздарды Отан алдындағы борыштарын өтеулері үшін әскери қызметке шақырады, әскери бөлімдерге шығарып салады. Солардың бірі-ұзақ жылдардан бері осы салада қызмет атқарып жүрген -Айтжанова Әлия Сапаққызы. Әлия1971 жылдың 25-ші қазанда Шолаққорған ауылында дүниеге келді. 1978 жылы Шолаққорған ауылындағы №1 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, аталған мектепті 1988 жылы бітіреді.

1988-1989 жылдары Созақ ауылындағы техникалық училищесінде оқыды.

2014-2017 жылдары аралығында Шымкент қаласындағы «Отырар» колледжінің бастауыш сыныбының мұғалімі мамандығын алды.

1997 жылдан осы уақытқа дейін 25 жылға жуық Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде қызмет атқарып келеді. Осы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде қызмет атқарған уақыттарында Оңтүстік Қазақстан облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастықтары полковник А.Саттаров, полковник А.Мұсаев, полковник Т.Аликуловтың алғыс хаттарын және аудан әкімдері Б.Мейірбеков, А.Аймұрзаев, М.Исаев, С.Полатовтың аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Байғараевтың, аудандық “Аманат” партиясы филиалы төрағасының орынбасары Р.Әлжановтың алғыс хаттарымен мадақталған. 2014 жылғы 23 мамырда Қарулы Күштерінің Ардагерлері Республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық Кеңесі Төрағасы халық қаһарманы Б.Ертаевтың қол қоюымен «Қарулы Күштерінің ардагерлері» РҚБ Орталық Кеңесі Президумының шешіміне сәйкес «Армия Генаралы С.Қ.Нұрмағанбетов» медалімен, 2018 жылғы 6 сәуірде ҚР Қарулы Күштерінің Ардагерлері Республикалық қоғамдық бірлестігінің «Жергілікті әскери басқару органдарына 90 жыл», «Жергілікті әскери басқару органдарына 100 жыл» мерейтойлық медалдарымен, 2016 жылы Ұлы Отан және ауған соғысы ардагерлер ұйымдарының «Қазақстан Ардагерлер» қауымдастығы кеңесінің шешімімен Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты», 2020 жылы ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы филиалының шешімімен «Қарулы Күштердегі қызметі үшін» медалдарымен марапатталды.

Отбасылы, 3 қыз, 1 ұлы бар. Әлия Созақ аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің үздік қызметкері саналады.

М.ҚАРҒАБАЙ.

Құс тұмауынан сақтанайық!

Жоғары зардапты құс тұмауы – бұл шұғыл өтетін, шапшаң жойылғыш вирусты, тыныс алу жүйесінің қызметтік реттілігін жоятын, қысқа уақыт ішінде тіршіліктен айыратын жұқпалы ауру. Бұл ауру қолда ұсталынып жүрген үй құстары, жабайы қанаттылардың барлық түрін қамтиды, құс атаулысы оны-мен ауырады. Бұл аурудың негізгі ошағы – басы, көзі ауырған және ауырып өлген үй құстары болып табылады.

Ауруға шалдыққан құстарды қалай аңғарып анықтауға болады және оның пайда болу белгілері қандай?

Құстың тәніне вирус енгеннен соң 3-5 күндер ішінде белгі беруі мүмкін. Құстың суы, жемі азайып қоңы төмендеген кезде вирус күшіне еніп, аурудың белгілері білінеді. Құстың қозғалысында нашарлық сезіліп, ыстығы көтеріліп, жемденуі төмендейді.

Жоғары зардапты құс тұмауына күдік туындаған жағдайда ветеринариялық зертханаға жаңа өлген құстың өлексесін немесе құстың өлер алдындағы жанталасуы кезінде сойылған денесін (5 бас) болмаса мүшелерінің (бас, ми, өкпе, қара талақ) тоңазытылған күйінде немесе 50 пайызды глицерин ерітіндісімен корсервация жасап, ауруға күдікті құстың сарысуы тексеруге жіберілуі қажет.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің, Халықаралық эпизоотиялық бюроның жедел хабарламаларында көптеген шет мемлекеттерде құстардың жоғары патогенді құс тұмауы тіркелуде.

Жоғары зардапты құс тұмауы орын алып, көрініс тапқан жағдайда белгіленген заңдылыққа сәйкес Ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысымен жоғары зардапты құс тұмауына байланысты қауіпті деп жариялап, карантин қойылуы тиіс. Қазірше біздің ауданымызда құстардың аса қауіпті тұмауының белгілері көрініс тапқан жоқ. Әйтсе де халқымыздың «Сақтансаң сақтаймын», «Сақтықта қорлық жоқ» - деген өмірлік мәні мен маңызға ие қағидасының тұжырымдарын назарда ұстап, ескергеніміз жөн!

С.ТУРСМУХАМЕД,
ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нуржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3900 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.
А-